

**ЖШС «Нұр-Бөбек» мектепке дейінгі шағын орталығының
өндірістік жиналыс хаттамасы №3**

03.01.2024 жыл
Қатысқаны – 9
Қатыспағаны-1

Күн тәртібінде

1. Топтардағы санитарлық – эпидемиологиялық талаптардың орындалуы.
2. Орталықтың материалды-техникалық базасының жабдықталуы.
3. Сынған және тозығы жеткен құрал- жабдықтарды есептен шығару.
4. 2023-2024 оқу жылындағы қызметкерлердің еңбек демалысы кестесін бекіту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша медбике А.Джуздыбаева топтардағы санитарлық – эпидемиологиялық нормалар туралы топтардың тәрбиешілері мен тәрбиеші көмекшілеріне нұсқаулықтар берілді және түсіндірілді. Бөлмелерді желдету, кварцтау кестелері ілінді. Қысқы от жағу мезгілінде бөлме температурасын қалыпты ұстау бақыланып отырылуы керек. Тұмау мен суық тиюдің алдын алу шаралары бойынша балалармен профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Ата-аналармен денсаулыққа байланысты жұмыстар жүргізу және кеңестер беру жолға қойылсын.

Күн тәртібіндегі екінші және үшінші мәселелер бойынша орталықтың шаруашылық меңгерушісі Д.Калменов есеп берді.

Биылғы жаңа оқу жылына материалдық – техникалық жабдықтауға бөлінген қаржы толығымен игерілді.

Балалардың тамақтанатын ыдыстарын ауыстырылды, асхана техникалары жаңартылды, жаңа оқу құралдары сатып алынды. Балаларға жаңа төсектермен ойыншықтар, төсек жабдықтары алынды. Орталықтың материалдық-техникалық жабдықталуы талапқа сай. Орталықтың сынған және тозығы жеткен құрал- жабдықтарды есептен шығарылып, жаңа құрал- жабдықтармен жабдықталғандығын атап көрсетті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша орталық меңгерушісі Г.Е.Бейсеева ҚР Еңбек кодексінің 87-бабының 1.1 және 2 тармақтарына сәйкес жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақысы сақтала отырып, белгілі бір күнтізбелік күндер санына беріледі. Ережеге сәйкес бес күндік, сондай-ақ алты күндік жұмыс аптасында орташа айлық жалақыны есептеу белгіленген қосымша ақылар мен үстемеақылар, сыйақылар және еңбекақы төлеу жүйесінде көзделген тұрақты сипаттағы басқа да ынталандыру төлемдері ескеріле отырып, тиісті кезеңдегі орташа күндік есебінен нақты жұмыс істелген уақыт үшін жүргізілетіндігін айтып өтті.

Сонымен «Нұр-Бөбек» орталығы қызметкерлерінің кезекті еңбек демалысы жоспары бекітілуге ұсынылып отыр, барлық қызметкерлер толық таныстырылды., жұмыс істеген уақыты 11 айдан асқан жұмысшылардың барлығы өз кесте бойынша демалысқа шыға алады.

Шешім:

1. Санитарлық- гигиеналық талаптарын орындау жолға қойылсын.
2. Балалардың денсаулығын нығайту шаралары бойынша жұмыстар жүргізілсін.
3. Құрал- жабдықтардың топтар бойынша тізімдері жасалып, маркировка белгілері жасалынсын.
4. 2023- 2024 оқу жылындағы қызметкерлердің кезекті еңбек демалыс кестесі бекітілсін.

Бөбекжай балабақша меңгерушісі
Хатшысы



Г.Е.Бейсеева
Б.А.Сейткәрім

Г.Е.Бейсеева

Б.А.Сейткәрім